# Алғыс айту - парызымыз

Алғыс айту күніне байланысты Мұзбел ауылының Мәдениет үйінде ауылдық кітапханамен бірге ұйымдастырылған




дөңгелек үстел өтті. Салтанатты шарада "Нұр Отан" партиясының кейінгі съезінде талқыланған көпбалалы және тұрмысы ауыр отбасылар туралы "Нұр Отан" бастауыш ұйымының төрағасы Е.Абаев тоқталып өтіп, көпбалалы аналарға қаржылай сыйлық табыс етіп, демеушілік көрсетіп жүрген "Нұр Отан" партиясының мүшесі, ауданымыздың мәслихат депутаты Ықсан Таттыбаевқа мың алғысын жеткізді.

Бұл мерекеде арнайы тілек ағашын бояп, дайындап келген қонақтарымыз бір-біріне алғыстарын айтып, шын жүректен ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы талқыланып, бейнебаян арқылы көрсетілді. Шарада кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мерекелік жиын соңы Байкал Адьят пен Базарбек Қуанбектің әнімен түрленіп, қатысушылар әдемі көңіл күймен тарқасты.

**Г.И. Бекеева**
**Ауыл кітапханашысы**